

Шымкент қаласының көшелерін атау және қайта атау туралы

Бірлескен Шымкент қалалық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 5/45-4с шешімі және Шымкент қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 2140 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 қаңтарда N 14-1-71 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 - бабы 4 тармағына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** :

1.Әл-Фараби ауданының Бәйдібек би даңғылынан басталып Еңбекші ауданының Жібек жолы даңғылына дейін жалғасатын атауы жоқ көшеге **Өзбекәлі Жәнібековтың есімі** ;

Абай ауданы Достық шағынауданының атауы жоқ N 1 көшесіне **Дидар**;

Абай ауданы Достық шағынауданының атауы жоқ N 2 көшесіне **Жігер**;

Абай ауданы Достық шағынауданының атауы жоқ N 3 көшесіне **Бастау**;

Абай ауданы Достық шағынауданының атауы жоқ N 4 көшесіне **Ырысты**;

Абай ауданы Достық шағынауданының атауы жоқ N 5 көшесіне **Ақпейіл**;

Абай ауданы Шұғыла шағынауданының N 14 көшесіне **Алтын ғасыр**;

Абай ауданы Шұғыла шағынауданының N 16 көшесіне **Нұржауған**;

Әл-Фараби ауданы Наурыз шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Озат**;

Әл-Фараби ауданы Наурыз шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Татулық**;

Әл-Фараби ауданы Наурыз шағынауданының атауы жоқ көшесіне **Қайсар деген атаулар берілсін** .

2.Әл-Фараби ауданының Дзержинский көшесіне **Бекзат Саттархановтың есімі берілсін** .

3.Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Шымкент қаласының әкімі

Қалалық мәслихат хатшысы